

2

Құрылыс
алаңдарындағы
қызу жұмыс

4

Жүз жылдан кейінгі
жаңғырық

Сыр бойы

№133 (21009) 4 қыркүйек, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ШЫНАЙЫ СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға сапарында әуелі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөз сөйледі.

Президент Самитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және тарихи бай Тяньцзинь қаласында жылы қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге ризашылық білдірді.

— Қазақстан ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты, экономикалық ықпалдастық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған Қытайдың сарабалд саясатын жоғары бағалайды. Қытайдың жапон басқыншылығына қарсы күрестегі жеңісінің 80 жылдығы және Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 80 жылдығы секілді қос тарихи мерейтой қарсаңында өтіп жатқан бүгінгі Самитке ерекше мән береміз. Бұл айтулы даталар барша адамзатқа жер бетіндегі халықтың берекелі өмір сүруіне, бірлігі мен ынтымағын арттыруға қызмет етуі қажет. Сондай-ақ тарихи шындықты бұрмалауға жол бермей, өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеп, шынайы құндылықтарды ұстануға үндеуі керек, — деді Президент.

Бұл ретте Шанхай ынтымақтастық ұйымын әлемдік қауымдастық тиімді, ықпалды әрі қажетті халықаралық құрылым ретінде танытынын да атап өтті. Мұнан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев «Көпжақты ынтымақтастықты дамыту, өңірлік қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз ету» тақырыбына арналған «ШЫҰ плюс» саммитінде сөз сөйледі. Мемлекет

басшысының айтуынша, былтыр Астанадан бастау алған «ШЫҰ плюс» форматы Ұйымның күн тәртібімен үйлесім тапты. Көптеген мемлекеттің қызығушылығы артқан Ұйым қазіргі заманның өзекті проблемалары жөніндегі нәтижелі пікір алмасу алаңына айнала бастады.

Сондай-ақ Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің сегізінші отырысында сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Қазақстанның тағдыр қосқан тату көршісі, жақын досы және мәңгілік стратегиялық серіктесі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, ортақ тарих, терең байланыс пен өзара түсіністік — халықтарымызды біріктіретін мызғымас құндылықтар. Екі елдің инвестициялық ықпалдастығы да ұдайы кеңейіп келе жатыр.

Қазақстан Президенті Қытайдағы ресми сапары аясында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің бірінші вице-премьері Дин Сюэсянмен бірге бейнебайланыс арқылы Жамбыл облысында жел генераторларына арналған қосалқы бөлшектер шығаратын зауыттың алғашқы кешенін салтанатты түрде іске қосты.

Бұл жоба — «Самурық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен SANY Renewable Energy компаниясының табысты серіктестігінің нәтижесі. Жел энергетикасына арналған қондырғылар шығаратын әлемдегі ең ірі компанияның елімізде ашқан бірінші

2-бет

/// ӨРКЕН



ТЫҢ ЖЕРГЕ ТҮСКЕН ТҮРЕН



Құрылыс қарқынды Қызылорданың көз тартар сәулетіне көрік қосатын тағы бір нысан бой көтеріп келеді. Келешекте Президент саябағы жасыл желекті мекен болумен қатар, әулім ғимараттары, демалыс орындары бар шағын ауданға айналмақ.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдары, жауапты сала мен ірі құрылыс мекемелері басшылары және зиялы қауым өкілдерімен бірге Президент саябағындағы нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты. Саябақтағы жұмыс қарқыны, іске асырылатын жобалардың ауқымы бұл аумақтың қаланың ең көрікті орындарының біріне айналатынын аңғартады.

Алдымен аймақ басшысы бастаған топ инвестор қаражатына бой көтерген «Rixos» қонақ үйінің құрылыс алаңына барды. Мамыр айында басталған жұмысты «Altyn Gimat» ЖШС жүргізуде. Бес жұлдызды қонақ үйде 150 нөмір, мейрамхана, саябақ аймағы, автотұрақ болады.

2-бет



Суреттерді түсірген Бағдат Есмаев

/// ЕГІН – 2025

ШЕШУШІ НАУҚАН КЕЛДІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен егін жинауға әзірлік. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу мәселелері талқыланған жиналыс өтті. Оған облыстық басқарма басшылары, селекторлық режимде аудан әкімдері және жауапты мекеме басшылары қатысты.

Облыс әкімі жауапты науқан алдында бірқатар тапсырма жүктеді.

— Биыл өңіріміздегі вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті.

Мемлекет басшысы, Үкіметтің қолдауымен көршілес мемлекеттермен нәтижелі келіссөздер жүргізіліп, вегетациялық кезеңді шығынсыз өткеруге бар жағдай жасалды.

Президент тапсырмасына сәйкес Үкімет басшысы бастаған делегация өңірімізге арнайы жұмыс сапарымен келіп, шаруалардың жағдайымен, егіннің жай-күйімен танысты. Одан бөлек, Су ресурстары, Ауыл шаруашылығы министрлері бірнеше рет арнайы келіп, су тапшылығын болдырмау жолдарын жан-жақты пысықтады.

Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрам мен 25 насос қондырғысын жеткізіп, екі ай бойы шаруалар игілігі үшін қызмет жасады. Қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, егінді ысырапсыз, мерзімінде жинауды қатаң бақылауға алыңыздар.

Ауыл шаруашылығы — экономикамыздың негізгі салаларының бірі. Санақ жұмыстарының нақтылығы мен сапалы жүргізілуі біз үшін өте маңызды.

2-бет

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ


«Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында қайта жаңғырту және жанарту жұмыстары жүзеге асқан еді. Осыған орай Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен журналистерге арналған баспасөз туры өтті. Оған мемлекеттік органдар мамандары, қалалық мәслихат депутаттары және қоғамдық бірлестік өкілдері қатысты.

Кәсіпорын тозу дәрежесін төмендету және жылумен жабдықтау сапасын арттыру үшін инвестициялық бағдарлама негізінде 2024 жылы 6111,7 млн теңге, 2025 жылы 2725,7 млн теңге көлемінде жұмыстар жүргізді.

Мамандардың айтуынша, қазір жылу желісінің тозу деңгейі 42,3 пайызды құрайды.

3-бет

ТАСБӨГЕТТІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Суретті түсірген: Нұрбол НҰРЖАУБАЙ

Қалаға қарасты қарқынды дамып келетін кенттің бірі — Тасбөгет. Іргетасы 1947 жылы жұмысшы поселкесі ретінде қаланған. Кейіннен 1958 жылы Сырдария ауданының орталығы болса, қайта бөліністен кейін қала типтес қонысқа айналды. Ал 1997 жылдан бастап Қызылорда қаласының құрамына кірді. Қазіргі таңда оған Тасбөгет кенті, «Сабалақ» саяжайы және Иіркөл елді мекендері қарайды.

Биыл кенттің бюджеті 496 млн теңге болса, алты айдың қорытындысымен 302,2 млн теңге игерілген. Салық түсімінің жылдық жоспары 125,6 млн теңге деп болжанса, нақты түсім 129,6 млн теңгені құрап отыр.

3-бет

Валюта бағамы: \$ 539,55 kzt € 627,55 kzt ₸ 6,7 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +32° 🌙 +17° Жұма ☀️ +33° 🌙 +18°

ШЫНАЙЫ СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ

Өндірістік база Шу қаласындағы «Жібек жолы» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Кәсіпорын гондола, күпшек, мұнара сияқты жел-электр стансасына қажет бөлшектерді шығарады. Жобаны жүзеге асыру еліміздегі жаңа электр стансаларының құрылысын қамтамасыз етіп, «жасыл» энергетиканың дамуына зор үлес қосады.

Мемлекет басшысы сапар аясында бірқатар кездесулер өткізді. Соның бірі – China National Petroleum Corporation (CNPC) директорлар кеңесінің төрағасы Дай Хоуянды қабылдау. Кездесуде Президент CNPC компаниясы Қазақстанның мұнай-газ саласындағы бұрыннан келе жатқан стратегиялық серіктесі екенін атап өтті.

Сонымен қатар Президент Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті Цзинь Лиционмен кездесті және Huawei Technologies Co. LTD директорлар кеңесінің төрағасы Хуа Лянді, Sany Group Co. Ltd. корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Сян Вэньбоны қабылдады. Осы қабылдау барысында «жасыл» энергетика, машина жасау салаларында бірлескен жобаларды іске асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстары және инновациялық технологиялар бойынша серіктестік орнату мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Sany Group корпорациясының Қазақстан нарығындағы қызметін жандандыруға ұмтылысын жоғары бағалады. Корпорация елімізде арнайы техникалардың озық өндірісін жолға қоюға ниетті.

Президент сол күні Жамбыл облысында жел генераторларына арналған қосалқы бөлшектер шығаратын зауыттың іске қосылуын ынтымақтастықты одан әрі тереңдету жолындағы маңызды қадам деп атады.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Бейжіңде China Energy Engineering Group компаниясының бас директоры Ни Чжэнмен кездесті. Мұнымен қатар Қытай ұлттық ядролық өнеркәсіп корпорациясының (CNNC) Директорлар кеңесінің төрағасы Шэнь Яньфэнді қабылдады.

Президент Төраға Си Цзиньпинмен жүргізген келіссөз барысында атом индустриясындағы ынтымақтастыққа айрықша мән беріліп, маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілгенін айтты. Мемлекет басшысы кездесулер қатарында CRRС директорлар кеңесінің төрағасы Сунь Юнцаймен пікірлесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға сапары аясында Бейжіңде Қазақстанның мәдениет орталығы салтанатты түрде ашылды.

Орталықтың пайдалануға берілуі қос халықтың рухани өміріндегі өте маңызды күн деп бағаланды.

ҚХР-ға сапар Бейжіңдегі Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған әскери параллель қорытындыланды. Саммит қонақтары әскери шеру мен қорғаныс техникаларын тамашалады.

Қ.ӘБШ

1-бет

ТЫҢ ЖЕРГЕ ТҮСКЕН ТҮРЕН

Қасында тоғыз қабатты 15 тұрғын үй салынууда. Бас мердігер – «Мелиоратор» ЖШС. Әр үйде 63 пәтерден, жалпы 945 пәтер болады.

Президент саябағы да қайта жаңғыртудан өтуде. Мұнда бас мердігер «Bi Global» ЖШС жоба бойынша 3 аллея, 6 субұрқак, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 work-out аймағы, 7 демалыс аймағы, 4 фудкорт, теннис үстелдері, айналмалы дөңгелек аттракцион, тамақтану ғимараттары, би алаңы, стритбол, вело, жүгіру жолақтары, сахна, саябақ ішіндегі сарқырама каналдары, канал үстінен көпірлер, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, арқан саябағы, модульдік-санитарлық ғимарат орналастырады.

Сонымен қатар, саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ салынууда.

«Alem Qurylys AQ» ЖШС лагерьде спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, 4 тұрғын аумақ, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі үлгідегі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңын, сахна және басқа да демалыс орындарын салады.

Президент саябағы мен «Астана» шағын ауданын байланыстыру үшін Сырдария өзені үстінен жаяу жүргіншілер көпірі түседі.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізіп, белгіленген уақытта аяқтау керек екенін айтты.

Бүгінде Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата мемориалды аллеясын қайта жаңғырту жұмыстары да қарқынды жүруде. Жалпы аумағы 38 мың шаршы метрден асатын демалыс орындағы жасыл желек алаңы ұлғайтылып, халық тынығатын саялы орынға айналып келеді. Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарының заманауи жабдықтары қауіпсіз әрі қолайлы етіп жасалуда. Бүгінде құрылыс және абаттандыру жұмыстарының басым бөлігі аяқталған.

Қала тұрғындары қайта жаңғыртудан өткен мәдениет және демалыс паркінің жаңа келбетіне, келушілерге ұсынылған мүмкіндіктерге дән риза. Мұнда жаңа арқа орнатылып, «Сыр батырлары» ескерткіші «Тағзым» алаңына ауыстырылды. Қоршаулар мен жүргіншілер жолы жаңартылып, 544 түп ағаш пен қылқан жапырақты көшеттер отырғызылды. Бұдан бөлек, скейтпарк, воркаут алаңдары, балалар ойын аймақтары, фуд-корттар және ашық амфитеатр салынды.

«СБ» ақпарат

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ ТАБЫСТАЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен жиналыс өтіп, оған жауапты сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Басқосуда аймақ басшысы бірқатар азаматқа Президент Жарлығымен мемлекеттігіміздің қалыптасуына, ел егемендігінің нығаюы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін берілген «Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл» мерекелік медалін табыстады.

– Биыл Ата Занымыздың 30 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Облыстық комиссияның шешімімен мерейтойлық медальмен марапаттауға ел ағалары, мемлекеттік қызметшілер ұсынылып, қолдау тапты.

Баршаның Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» қағидатын сақтап, мемлекетіміздің даму жолында адал қызмет жасап келесіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлденуіне кезінде ел үшін қызмет атқарған ардагерлеріміз орасан зор еңбек сіңірді. Бакберген Сәрсенұлы мен Мұрат Бактиярұлы Парламент Сенатының

екі шақырылымында депутат болған кезеңде Конституцияның сақталуына, халықтың әлауқатын жақсартуға бағытталған заңдардың қабылдануына үлес қосты. Біз ағаларымыздың еңбегін мақтанышымен айтамыз, құрметпен қараймыз.

Конституциямыздың үстемдігін қамтамасыз ету, еліміздің Тәуелсіздігін нығайту, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау әрі дамыту жолында еңбек еткен ел ағалары мен азаматтар марапат төрінен көрінуде.

Марапаттарыңыз құтты болсын! Бұл барлығымыздың бірлесіп атқарған жұмысымыздың лайықты бағасы деп білемін, – деді Н.Нәлібаев.

Жиында мемлекет және қоғам қайраткері Бакберген Досманбетов көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, мерекеге орай құттықтауын жеткізді.

ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІНДІГІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Power International Holding» компаниясының Қазақстан бойынша атқарушы директоры Амер Махасенмен кездесті.



Аймақ басшысы атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар туралы айтты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Қатар мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни арасында қол қойылған келісімдер ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға берік негіз болды.

Энергетика және газ саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімдер аясында «Power International Holding» компаниясы Қызылорда облысында қуаттылығы 1 100 мегаватт болатын газ-электр станциясын салуды жоспарлауда.

Еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр қуатының тапшылығы айқын сезіледі. Жаңа бу-газ станциясы тек біздің облысы үшін ғана емес, тұтас еліміздің энергетикалық тұрақтылығы мен экономикалық дамуы үшін үлкен маңызға ие.

Аталған жоба жаңа өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандардың іске қосылуына серпін

беріп, халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал ететініне сенімдіміз.

Қазіргі таңда облыс әкімдігі жобаны орналастыру үшін 250 гектар жер телімін беріп, тиісті келісімдер жүргізілуде.

Құрметті Амер Махасен мырза! Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті зор. Өңірдің басты артықшылықтарының бірі – минералды-шикізат ресурстарының мол қоры.

Облыс аумағында қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалардың және сирек кездесетін жер элементтерінің қоры бар. Еліміздің ванадий қорының 66%-ы, мырыштың 16%-ы, қорғасынның 11% және уранның 15%-ы Қызылорда облысында орналасқан.

Мұнай қорының жыл сайынғы төмендеуін ескеріп, өңдеу өнеркәсібінде бірлескен жобаларды іске асыру үшін қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға мүдделіміз.

Атап айтқанда, құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, тамақ, химия, тау-кен өнеркәсіптері.

Аймағымыздағы әлеуеті зор, құны 2,2 млрд АҚШ долларын құрайтын 61 инвестициялық жобаның тизерлерін қарастыруды ұсынамын.

Жаңа жобаларды орналастыруға арнайы экономикалық аймақ және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген индустриалық аймақ бар, – деді облыс әкімі.

Кездесуде Амер Махасен өңірдің инвестициялық әлеуеті жоғары екенін атап өтіп, алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылатынын жеткізді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында «Акса Энерджи» компаниясымен бірлескен, қуаты 240 МВт болатын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы жүргізілуде. Бұл жоба электр энергиясының жүктемесін тұрақтандыруға әрі энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосады.

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗУ ЖҰМЫС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы құрылыс алаңдарын арапалап, нысандар мен көпірлердегі жұмыс барысын көріп шықты.

Алдымен «Сыр Ана» монументі жанындағы Сырдария өзені арқылы өтетін көпір жобасымен танысты. Ұзындығы 312,2 метрлік көпірдің жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Ал аспалы көпірді күрделі жөндеуді «Қыран» ЖШС қолға алған. Қазір ұзындығы 4,489 шақырым, ені 5-13 метрлік нысандағы жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Алдағы уақытта пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Одан кейін, аймақ басшысы жаңа ЖЭО құрылысының барысымен танысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Инвестор «Акса энерджи» түрік компаниясы орталық құрылысына 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйды. Жоба аясында 2 газ-турбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы, 2 бу, 4 жылу қазандығы салынады. Бүгінде құрылыстың 70 пайызға жуық жұмысы біткен. Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд теңгеге орталыққа дейінгі 45 шақырым газ құбыры, автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды. Мұнда 1200-ден астам алам және 130 арнайы техника жұмыс жасауда. Жұмысшылардың негізгі бөлігі – жергілікті тұрғындар. Станцияны осы жылдың IV тоқсанында іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте 1 газ-турбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы, 2026 жылы қалған қондырғылар қосылады. Жаңа станция облыстың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, өңірдің энергетикалық әлеуетін едәуір күшейтіп, ұзақ мерзімді тұрақты дамуына негіз қалайды.

Аймақ басшысы сол жағалаудағы жаңа облыстық тарихи-өлкетану музейінің алдында сол қатардағы құрылыс жұмыстарын қолға алған мердігер мекемелер басшыларымен кездесті. Құрылыс барысында ең бірінші кезекте сапа мен мерзімнің маңызды екенін, халық күткен жаңа ғимараттар мен нысандардың уақытылы пайдалануға берілуі керектігін ескертті.



АГРОХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУҒА ТОПЫРАҚ СЫНАМАЛАРЫ АЛЫНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ө.Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының басқарма төрағасы Әлімжан Рахымжановпен кездесті. Басқосуда шөл және шөлейтті жерлерге төзімді ағаштар егу мәселелері талқыланды.

Қазақ орман шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының ғалымдары «Қорқыт Ата әуежайынан» «Белкөл» кентіне дейінгі 35 шақырым аумақтан агрохимиялық талдау жұмыстарын жүргізу үшін топырақ сынамаларын алды.

Зерттеу нәтижесі аяқталғаннан кейін, өңір климатына төзімді ағаштардың түрлері анықталып, белгіленген орындарға отырғызылады.

БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ШАҚЫРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Ardent Plastik және Nigde Plastik» компаниялары директорлар кеңесінің төрағасы Азми Берк Алтунташпен кездесіп, инвестиция тарту мәселесін талқылады.

Қызылорда облысы әріптестік пен инвестициялар үшін әлеуетті, даму қарқыны жоғары агро-индустриялық аймақ екенін атап өтті. Компанияның су үнемдеу технологиясы саласындағы тәжірибесіне қызығушылық танытып, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

– Біз әрбір инвесторды қолданыстағы заңнама аясында сүйемелдеуге дайынбыз. Барлық инфрақұрылым желілері қолжетімді, облыс әкімдігі қажетті техникалық шарттарды алуға жан-жақты қолдау көрсетеді, – деді облыс әкімі.

Азми Берк Алтунташ инженерлік инфрақұрылыммен жабдықталған «Өндіріс» индустриялық аймағы жұмысымен танысқанын және бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді.

ШЕШУШІ НАУҚАН КЕЛДІ

Қала, аудан әкімдері санақ жүргізушілерге жан-жақты қолдау көрсетіп, статистика департаменті, ветеринария, ауыл шаруашылығы басқармаларымен бірлесіп, тиісті жұмыс жүргізіңіздер, – деді облыс әкімі.

Жауапты департамент, басқарма басшылары Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының өту барысы туралы баяндама жасады.

Биыл облыс бойынша 189 600 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, Үкімет бекіткен Жол картасына сәйкес 80 900 гектарға күріш егілді. Суды аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдардың көлемі ұлғайтылуда. Күні ертең егінге алғашқы орақ түседі.

Жиында тұрғын үйлерді пайдалануға беру, шағын өнеркәсіптік аймақтағы кәсіпорындардың іске қосылуын қамтамасыз ету, коммуналдық базарға кәсіпкерлерді орналастыруды тез арада аяқтау бойынша да тапсырмалар берілді.

ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРС ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының барысы, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар талқыланған жиналыс өтті. Оған қала, аудан әкімдері мен жауапты сала мамандары қатысты.

Облыс әкімінің қолдауымен елді мекендерде қолайлы орта қалыптастыру, тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіліп келеді.

Сонғы екі жылда облыстық бюджеттен конкурс өткізуге 1,5 млрд теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл

конкурс жалғасын тауып, 564 млн теңгеге 19 техника беріледі. Жеңімпаздарды анықтау үшін арнайы құрылған облыстық тәуелсіз сарапшылық комиссия отырысы өткізілуде. Конкурс «Үлгілі аудан», «Үлгілі ауыл» және «Үлгілі елді мекен» номинацияларын қамтиды.

Комиссия отырысында қатысушы елді мекендердің құжаттары қаралып, елді мекендерді аралау кестесі бекітілді. Биылғы конкурсқа 39 елді мекен (1 қала, 7 кент және 31 ауыл) қатысуда. Комиссия елді мекендерге арнайы барып, атқарылған жұмыстармен танысты. Қорытындысында жеңімпаздар анықталып, тиісті коммуналдық техникалар табысталмақ.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық

бағдарламасы аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Тазалық шараларына 231 мыңнан астам еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты, 10 мың тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылды. Жыл басынан бері өңір климатына жерінетін 240 700 қарағаш, терек және Сыр талының көшеті егілді.

Аймақ басшысы «Үлгілі елді мекен» конкурсы әділ әрі ашық өту керек екенін қатаң ескертіп, тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізу бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТАСБӨГЕТТІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

КӘСІПКЕРЛІК ЖАНДАНУДА

Кейінгі жылдары кент тұрғындары кәсіппен айналысуға ерекше бет бұрып келеді. Оны жана әлеуметтік нысандардың бой көтеруінен, шағын және орта бизнес саласының жандануынан байқауға болады. Мәселен, кентте 880 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Оның 606-сы жеке кәсіпкер, 256-сы заңды тұлға, 18-і шаруа қожалығы. Осы жылдың өзінде 3 азық-түлік шағын маркеті, 2 көлік жуу бекеті, 2 дәмхана, техникалық жөндеу орталығы және отбасылық кафе ашылып, халық игілігіне жұмыс істей бастады.

Өткен жылы да кент тұрғындары мемлекеттік бағдарламаларға белсене қатысып, жобаларын қорғаған болатын. Нәтижесінде 29 тұрғын 72,7 млн теңге көлемінде қаржыға қол жеткізіп, өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды.

Мемлекеттік бағдарламаның игілігін көргендердің бірі – «Бисенова» ЖК басшысы Айжан Бисенова. Ол «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 5 млн теңге грантка қол жеткізіп, кәсібін табысты дамытуда. Көпшілікке оның кәсібі «NS print KZO» атауымен танымал. Бұл жоба – ультрақұлгін бояуды пайдалану арқылы қабырғаға тікелей бейне түсіретін заманауи принтер қызметі. Жаңа технологияның арқасында тұтынушылар интерьерді өз калауына әсемдеуге мүмкіндік алуға.

Мемлекеттік бағдарламалар – кәсіпті жандандырудың үлкен қолдауы.

Қазір қол қусырып отыратын емес, мүмкіндікті тиімді пайдаланып, алға ұмтылатын уақыт, – дейді кәсіпкер.

Кенттегі ең өзекті мәселелердің бірі – тұрғын үй. Қазіргі таңда мұнда барлығы 95 көпқабатты үй бар, оның 25-і апатты жағдайда деп танылған. Өткен жылы «Наурыз» және «Тасарық» шағын аудандарындағы тозығы жеткен 10 үйдің шатырына жөндеу жүргізу үшін қалалық бюджеттен 68 млн теңге бөлініп, жұмыс толық

санитарлық-тазалық жұмыстарына қосымша 10 млн теңге бөлініп, тиісті шаралар іске асырылуда, – дейді кент әкімі Айдын Тыныштықбай.

Тасбөгет тұрғындары жиі көтеретін мәселелердің бірі – көшелерді жарықтандыру. Бұл бағытта да бірқатар жұмыстар жүйелі жүзеге асуда. Атап айтқанда, З.Мәмбетов, С.Сейфуллин, Н.Өткелбаев, Ә.Жангелдин, А.Жанкин, Ж.Әбілкасымов көшелеріне жарық шамдарын орнатуға 34 млн теңге қаралып,

шаралар мұнымен шектелмейді. Жыл басынан бастау алған жұмыстардың жалғасы ретінде биыл да бірқатар жаңа жоба әзірленген.

Тасбөгет кенті аумағында қоғамдық көлік қатынайтын көшелерді орташа жөндеуден өткізу үшін жоба-сметалық құжаттама дайындалды. Жобаның жалпы құны – 328 млн теңге. Қаржыландыру үшін облыстық бюджетке өтінім жолданды. Кенттегі Е.Қосжанов, Қ.Юсупов, Ә.Жалғасбаев, С.Шажанбаев, Қ.Байдәулетов, Қ.Тілеуберенов және Ж.Тәжімов көшелеріне жарық шамдар орнату жоспарланған. Бұл мақсатта 24,6 млн теңгеге бюджеттік өтінім



аяқталды. Ал биыл 16 көпқабатты үйдің шатырын жөндеуге 104,5 млн теңге қарастырылып, мердігер мекеме тарапынан жұмыстар аяқталуға жақын. Сонымен қатар, облыстық энергетика және тұрғын

жарықтандырылды. Бұдан бөлек, үнемделген қаржы есебінен М.Абдраманов, Ж.Дүйсенов, С.Өтеуов және Т.Батыршаев көшелері жарықпен қамтылды.

– Кент көшелері бойындағы қозғалысқа кедергі келтірген қураған ағаштар кесілді. Сонымен бірге жаңа бейіт аумағын қоршау және тегістеуге қалалық бюджеттен 83,5 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «SM ORDA GROUP» ЖШС мердігер компаниясы жұмысты толық аяқтады, – дейді кент әкімі.

«КӨГІЛДІР ОТЫН» МЕН АУЫЗСУ – «САБАЛАҚҚА» ЖЕТТІ

«Сабалақ» саяжайындағы тұрғындардың көптен бері көтеріп келген «көгілдір отын» мәселесі де шешімін табуға. Мұнда газ желісін тарту үшін 3 кезеңнен тұратын жоба дайындалған. Жалпы құны 3 млрд теңгені құрайтын жобаның алғашқы бөлігіне облыс басшысының қолдауымен 300 млн теңге бөлініп, бүгінде саяжайдың ішкі газ желілері тартылуда.

Тұрғындардың тағы бір өзекті сұранысы – ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де оң шешімін тапты. Бұл жобаға облыстық бюджеттен 188,7 млн теңге, ал қалалық бюджеттен 200,3 млн теңге бөлініп отыр. Қазіргі таңда «Авангард ПГС» ЖШС жоспарға сәйкес жұмысты қарқынды жүргізуде.

Кент тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған

берілді. Оған қоса биыл екі жаңа балалар ойын алаңы бой көтермек. Жобаның құны – 25,1 млн теңге, – дейді кент әкімі.

Жалпы «Сабалақ» саяжайы мен Тасбөгет кентінде тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағыт-



талған жүйелі жұмыс бар. «Көгілдір отынмен» қамтамасыз ету, ауызсу, жол, жарықтандыру және балалардың ойын алаңдарын салу елді мекеннің әлеуметтік бейнесін жақсартып, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай қалыптастырады. Сондай-ақ бұл өз кезегінде елді мекеннің инфрақұрылымдық әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етуде.

**Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аққұм Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі серіктестік қатысушыларына 2025 жылдың 6 қазан күні сағат 12.00-де жиналыс өткізілетінін хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылының Мәдениет үйі. Қатысушыларды тіркеу 2025 жылы 6 қазан күні сағат 10.00-де басталады. Күн тәртібінде: 1. Серіктестіктің жарғысын жанарту (өзгерістер мен толықтырулар енгізу) және тиісті тіркеуден өткізу.

2. Басқа сұрақтар. «Аққұм Жер» ЖШС серіктестік қатысушыларына жиналысқа өздерімен бірге төлқұжаттары және сенімхат негізінде әрекет етуші қатысушылардың сенімхаттарының көшірмесі болуы тиіс.

**«Аққұм Жер» ЖШС
әкімшілігі**

Біз әңгімелегелі отырған кейіпкеріміз – өмірден өткенше ерінуді, жалған бедел алу үшін жағынуды білмеген, қашанда елмен бірге болып, халқының жайын құйғаттеген, сол жолдың «отымен кіріп, күлімен шыққан» адам. Иә, тек содан бақытын тапқан Амантай Әпетұлы жайлы айтпақпыз. Әрі бұл ағамыздың сол еңбегін ел-жұрты елеусіз қалдырған емес. Өз туған жері Қожакенттің адал перзенті бола білген ол жалған дүниені тәрк етіп, бақилыққа мойынұсынғанда да туған елі қимай қоштасып, арулап шығарып салған еді. Өмірінде өшпейтін із қалдырған ардақты ақсақал халқының қамқоры болғанын сөзсіз мойындау керек.



ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Мен Амантай ағамен 1972 жылдан бері таныс болдым. Сол жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, арнайы жолдамамен бұрынғы СОКП-ның XXIII партсъезі совхозында (қазіргі Қожакент ауылында) 1979 жылға дейін бас экономист болып қызмет істедім. Жеті жыл аз уақыт емес. Осыныша жылдар арасында Әбекендей ағамның кісілігі мен адаммен сыйластығы бір бөлек әңгіме-тұғын.

Білуімше, Амантай Әпетұлы 1932 жылдың қаңтарында Жаңақорғанның Қыдырбай деп аталатын елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Әпет Әбдірахманұлы сол заманда колхоз басшысы, партия ұйымы төрағасы қызметтерін атқарған, анасы Зере үй шаруасында болып әрі балаларына үлгілі тәрбие берген. Отбасында Амантайдан бөлек, Мәрзия, Әсия атты әпкелері мен Камалтай атты інісі болыпты. Ал атасы Әбдірахманның молда болып, ислам ілімін ел арасында насихаттап, Алла жолында жүргенін, адамдарды тазалыққа, әділеттілікке үйретіп, еңбекке баулығанын естіп өстік.

Осындай тектілердің тұяғы Амантай Әпетұлы 1951 жылы «Қандыарал» мектебін бітіріп, қазіргі Қазалыдағы зоотехникалық малдәрігерлік техникумы және Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтын тәмамдайды. 1956 жылы Жаңақорған ауданына қарасты «Октябрь» колхозындағы мал фермасында зоотехник болып еңбек жолын бастаған. Бір жылдан соң Ұлдаш Әбдікерімқызымен бас қосып, шаңырақ көтеріп, онегелі отбасы болды. 1963 жылы «Талап» совхозының төртінші фермасында зоотехник, 1964-1967 жылдары «Талап» совхозының «Сауса» бөлімшесінде ферма менеджерілігін абыроймен атқарды.

Ағамыз бас зоотехник болып, ұзақ жыл кейіннен XXIII партсъезд атанған совхозда істеді. Яғни 1966 жылы Өзгерт совхозының төртінші фермасы XXIII партсъезд болып қайта құрылғанда, Амантай аға мал фермасының менеджерісі қызметіне тағайындалды. Сол кезде ол елді мекенде 2 жарым мыңға жуық қара мал бар. Сонымен бірге күріш бағы-тындағы алдыңғы шаруашылық та осы ауылда орналасқан еді. Әбекен шаруаның нағыз маманы десек қателеспеспіз. Оны мен емес, бүкіл облыс білетін болар. Осылайша XXIII партсъезд, қазіргі Қожакент ауылының іргесін қаласып, өмірінің соңына дейін сол жерде ферма менеджерісі, совхоз директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Амантай Әпетұлы басқарған мал фермасы көп жылдар бойы аудандық, облыстық ауыспалы «Қызыл туды» жеңіп алып, республикада өткізілетін жетістік көрмелерінде жұмысы үлгі етіп көрсетіліп жүрді.

СОКП-ның XXIII партсъезд совхозы аудандағы күріш жөнінен көрсеткіші жоғары ауыл еді. Олай болуының да себебі бар. Мұнда Амантай Әпетов сынды шаруаны жетік білетін ағаларымыздан бөлек, бас ағраман болып істеп, кейіннен Түгіскен совхозын басқарған Смайыл Жұмаділлаев, бас бухгалтер Жұмабай Тұрғанбаев сияқты мықты кадрлардың арқасында шаруашылықтың тасы өрге домалаған уақыт болатын. Шынымен ол кездегі көп жігіттер XXIII партсъезд совхозында жұмыс істеп, кейін басқа жаққа жоғарылап кетіп жататын. Сол уақытта өзге совхоздардағы 5-6 директор алғашқы еңбек жолын осы елден (Қожакенттен) бастағанын баса айту керек.

Сыздықов Абдулла, Әбітаев Ерқожа, бас инженер Зайров Әзім, Шәменов Қаумен сияқты азаматтармен қызмет істедік. Өзімен бірге істеген мал дәрігері Қаумен ағамыз бен Амантай аға кәдімгі қазақы қалжыны жарасқан, екеуінің егіз қозыдай бір жүретіні, тіпті ауданға да есепке бірге

баратыны көз алдымда. Сол уақыттарда Нәлібай Айдарбеков өзі басқаратын XXIII партсъезд совхозындағы жетістіктер арқасында, осындай табанды жігіттердің еңбекқорлығының нәтижесінде «Еңбек Қызыл ту» орденін кеудесіне тақты.

Есімде қалғаны, үнемі аудан орталығына жиналыстарға келгенде ол кісі сөйлемей қалмайтын. Бос әңгіме емес, нағыз шаруашылықтың жайын қозғайтын. Жұмыстың қарқынды жүруіне тиісті талабын қоя білетін өте білікті маман болды. Өжет еді ағамыз. Бір айта кететін жайт, күзде егін жинау мен оны бастыру сияқты қарбалас жұмыстарда Әбекеннің көп көмегі тиетін. Егіншілер мен комбайнерлерді, көмекке келген жастарды етуде, ағарғанмен үздіксіз қамтамасыз етуде Амантай аға басқаратын мал фермасының рөлі зор болды. Ол кезде үн не басқа азық-түлікті дүкеннен алғанмен, бүгінгідей сәмсап тұрған ет дүкендері болмады. Сондықтан әр шаруашылық ет және сүтпен өз жұмысшыларын қамтамасыз етіп, түскі, кешкі ас егін даласында ұйымдастырылатын. Айтпақшы, менің есімде қалған бір жайт, ағамыз бір уақыттары құс шаруашылығына да аса қатты мән берген. Сол совхоздағы «Қойлақы» көлінің маңына құстың балапандарын алдырып, әбден бағуын келістіріп, күнде мал етінен гөрі, тауық, қаз-үйрек етімен қырман басындағыларды да, малшыларды да осы жеңсік аспен жедел қамтушы еді ғой.

Мықты ұйымдастырушы еді. Негізі адамға қызметтің сапасын талап етуден көрі, оған жағдай жасау бірінші орында болуы тиіс. Мен жеті жыл қызмет істеген уақытымда ол кісі басқарған шаруашылық тек үздіктер қатарынан көрініп тұрды. Әбекеннің жоғары ұйымдастырушылық қабілеті арқасында аудан көрсеткіші ұдайы алда болды.

Осындай алғаусыз еңбек еткен жылдарында өз игі істерімен ел көшметіне бөленіп, түрлі марапаттарға ие болды. Амантай аға 1963 жылы ауданның, облыстың «Құрмет грамотасымен», 1964 жылы «Құрмет грамотасымен», 1966 жылы «Еңбек Қызыл ту» орденімен, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 1970 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілерімен, 1986 жылы «ХІ бесжылдықтың екпіндісі», 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Бүгінде біздің ауданда 7800 зейнеткерден құралған ардагерлер кеңесі жұмыс істеп тұр. Ауылдағы бастауыш ұйымдармен жұмыстар жиі жүргізілуде. Басқа аудандарда жоқ, «Ардагер мерейі» деп аталатын, айына бір рет шығатын газетіміз бар. Амантай ағамыздай алдыңғы буынның үлгілі істерін кейінгі жастарға ұлықтау мақсатында көп жұмыс атқарып та келеміз. Ардагерлерді елеусіз қалдырмау керек. Олардың жасаған еңбектері мен үлгілі істерін насихаттау жұмыстары және әлгі айтып кеткен газетімізге әр ауылдың шығу тарихы мен құрылуы, аты ұмытылып кеткен көне жер атаулары мен салт-дәстүр құндылықтарын терең тәрбие ретінде жариялап жүрміз.

Сөз соңында айтармыз, бүгінгі Қожакенттегі елдің іргесін қалаушылардың бірі болған Амантай Әпетұлының туған халқы мен ұрпағы жиі ұлықтап келеді. Сүйегі асыл ағаны мен де жиі сағынамын. Ол істеген еңбектің бәрімізге үлгі екені аян. Алмағайып заманда халық қорғаны болған ағамның онегелі ісін жалғар бүгінгі буын аман болсын деген тілегіміз бар.

**Өмірсерік ТАҚЫРБАСОВ,
Жаңақорған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы**

Облыстық қоғамдық даму басқармасы және басқармаға қарасты орталықтар, «Сыр медиа» ЖШС ұжымдары, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы басқарма басшысы Руслан Қаюповқа шағымсыз, білім саласының ардагері, «Шиеді ауданының құрметті азаматы»

Өмірзақ Исхановтың дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының Полиция департаменті ұжымы және ардагерлер кеңесі әріптестіміз Искаков Ермек Бердіұллына анасы **Ақтай Айтқожасызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖҮЙЕЛІ ШЕШІЛУДЕ


Инфрақұрылым – кез келген елді мекеннің өмір сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Осы тұрғыда Тасбөгет кентінде бюджет, де-меушілік және инвестиция есебінен ауқымды жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беруде.

1-бет.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ

Жылу орталығы быттыр бағдарлама бойынша өз қаражаты есебінен негізгі және қосалқы жабдықтарды, 2,7 шақырым кварталалық жылу желісін жөндеді. Ал бюджет есебінен 9,3 шақырым магистральдық жылу желісін қайта жаңғыртты. Өткен жылдың қорытындысымен бекітілген инвестициялық бағдарлама толықтай орындалды.

– Инвестициялық бағдарлама алты жылға жасалған. Қысқы маусымда халыққа қызмет көрсететін кейбір құрылыстардың тозығы жетуіне байланысты жөндеуден өткізу көзделген. Олардың техникалық жағдайына байланысты әр жылға бөліп қарастырылған. Қазірге дейін биылғы жоспарланған жобалар 90 пайызға жуық орындалып тұр. Олардың арасында 1-бет.



«СБ» ақпарат

/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

Қалалық Жастар театры алаш-танушы ғалым Елдос Тоқтарбайдың «Жас Алаш», «Шындық шырағы» атты тарихи драмасын сахналады. Тарихи туынды Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл, Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай көрермен назарына ұсынылды. Шығарманың мазмұны М.Дулатовтың қызы Гүлнар Дулатованың «Шындық шырағы» кітабының негізінде баяндалады. Қоюшы-режиссері – Ұлан Болатбек.

Спектакльдің премьерасына Міржақып Дулатовтың жиені, Гүлнар Дулатованың қызы, медицина ғылымдарының докторы Жаннат Әбенқызы, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов, «Ұлт ұстазы», «Оян, қазақ» тарихи сериалдарының сценарий авторы Ұларбек Нұрғалим, Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық қазақ академиялық театрының директоры Дархан Балажанов қатысты.

Спектакль басталардан бұрын шығарма авторы Елдос Тоқтарбай ел алдына шығып, драманың өмірге келуіне дәйек болған маңызды деректерді тарқата айтып өтті.

– Тура бір ғасыр бұрын бұл қала мемлекет астанасы болды. Тап осы жерде ел тарихындағы ерекше оқиға – ұлтымызға «Қазақ» аты қайтарылды. Ғылым-білім, әдебиет, мәдениет сынды ағартушылық, руханият өзгесі осы өңірден бастау алды. Алғашқы театр, алғашқы университет осы қалада ашылды. Тағы бір маңызды мәлімет, Алаш арыстары өмірінің ең жарқын кезеңін осында өткерген. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы», Міржақып Дулатовтың «Есеп құралы», Жүсіпбек Аймауыт-овтың «Қартқожа» романы сияқты алғашқы туындылары, «Еңбекші қазақ» газеті осында жарыққа шықты.

І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллин сынды қазақтың қабырғалы қаламгерлері осы көшенің бойында тұрып, әдебиет майданына араласты. Арادا ғасыр өтсе де дәл осы жерде Алаш рухы маздап тұрғандай. Өйткені бұл топырақта «қазақтың көшін алға жылжытқанын, рухын оятқаны» деп жанын аямай қызмет еткен үркердей топтың ізі жатыр, – деді Елдос Тоқтарбай.

Драмалық қойылым 1925 жылы Ақмешіт қаласында өткен жалпы-қазақтық V съезде қабылданған тарихи шешім – «Қазақ» атауының қайтарылуынан басталды. Одан әрі қарай осы қалада жапсарлас үйде тұрған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтың отбасылық қарым-қатынасы, бір-біріне деген ырыс-сүйіс құрметі, пәтері тар болса да, пейілдерінің кеңдігі көрген көзді сүйіндіреді.

ЖҮЗ ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ЖАНҒЫРЫҚ



Гүлнар Міржақыпқызы өзінің «Шындық шырағы» атты кітабында өмірінің ең бақытты, қайталанбас күндері Қызылордада өткенін жазған екен. Иә, шынында олардың отбасылық тәрбиесі, білімі, қабілеті, жеке мәдениеті өте жоғары болатын. Мысалы, олардың дастарқан басында жайма-шуақ әңгімелесіп, бір-бірін зілсіз қалжыңмен қағытып, арасында домбыра шертіп, ән салып отырғаны жан тазалығын, көңіл жарастығын аңғартады. Сондай-ақ балаларына неміс тілін үйретіп, өзге ел әдебиетінен аударма ертегілер оқып беріп, білім-ғылымға баулығанына қарап, ұрпақ тәрбиесіне аса жауапты болғанын бағамдаймыз.

Олар осындағы баспада еңбек ете жүріп, ұлт болашағы жолындағы ұлы мұрат – Алаш идеясының айналасы-

на бірікті. Алайда сол кездегі өктем биліктің қысымынан ауыр зардап шекті. Әр адымы андулы болды. Сол тоталитарлық жүйеге қарсы толассыз күресіп, тауқыметті тағдыр кешті. Ақыры осы жолда жас өмірлерін құрбан етті...

Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, Алаш ардақтысы Міржақып ақынның:

– Көзінді аш, оян, қазақ,

көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап,

хал арам боп, Қарағым, енді жату жарамас-ты, – деген сөзі ойға оралды. Иә, ғасыр бұрын айтылған сөздің әлі де өзекті екенін несіне жасырамыз?..

Сахнада асқақ рух пен арамзалық айқасады. Шүбәсіз сенім мен сатқын-

дық таразыға тартылады. Дегенмен уақыты келгенде бәріне баға беріледі. Егіле баяндалған естеліктер еріксіз толқытып, жанарға жас үйіреді.

Қойылымда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақовпен қатар, Елизавета Бөкейханқызы, Аққағаз Досжанова сынды Алаш қозғалысы мүшелерінің ел ертеңі үшін еткен жанкешті қызметтері айқын көрінеді. Иә, арада тұтас ғасыр өткенде тарихтың ашы шындығы сананы селт еткізіп, Алаш арыстарының рухы қайта бір жаңғырғандай болды.

Спектакль аяқталғанда көрермен шығармашылық ұжымға тік тұрып қошемет көрсетті. Облыстық мәдениет басқармасының атынан ықылас гүлі табысталды. Асылдың сынығы, тектінің тұяғы, М.Дулатовтың жиені Жаннат Әбенқызы Сыр халқына ерекше толқыныспен ілтипатын білдірді.

Ата-бабасының табаны тиген, анасының балалық шағы өткен Сыр еліне алғаш келіп тұрғанын айта келіп, Алаш рухын жаңғыртып, көрерменге айрықша әсер сыйлаған шығармашылық топтың еңбегін жоғары бағалады.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы сөз алып, Жастар театрының ел тарихындағы ең күрделі тақырыпқа тандау жасап, драманы өз деңгейінде сахналап шыққанын айтты. XX ғасырдың басындағы қиян-кескі идеологиялық соғыста мемлекет тәуелсіздігі, ұлт келешегі жолында күресіп, осы жолда жанын қиған Алаш арыстарының өр болымы бүгінгі ұрпаққа өшпес өнеге екенін айтып, шығармашылық топқа алғысын білдірді.

Сөзін қорытындылай келе, Алаш арыстарының есімін бүгінгі ұрпақтың есінде қалдыру үшін олардың атында аллеялар ашу, ескерткіш тақталар орнату сияқты жұмыстар міндетті түрде қолға алынатынын атап өтті.

Қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев қала әкімі және мәслихат атынан Жаннат Әбенқызының нығызға зерлі шапан жауып, сый-құрмет көрсетті.

Айта кетейік, басты рөлдердегі: Міржақып Дулатовты Мақсат Серіков, Гүлнар Дулатованы Тоғжан Дастанқызы, Толғанай Амангелді, Ахмет Байтұрсынұлын Берік Ахмед, Санат Жүзбай, Смағұл Сәдуақасовты Нұрәулет Әбдігәппар, Сұлтанбек Қожановты Нұрғали Шенгелбаев, Нығмет Нұрмақовты Жасұлан Ханқожаев сомдады.

Қойылымның қоюшы-режиссері кино және театр актері Ұлан Болатбек, композиторы Серікжан Айтқали, қоюшы-суретші Жаркынбек Қоспаев, театрдың көркемдік жетекшісі ақын, режиссер-сценарист, Театр қайраткерлері одағының мүшесі Онталап Нұрмаханов, театр директоры Нұрмат Мансұр. Спектакльдің сахнаға шығуына «Ақжол» партиясының облыстағы өкілдігі және «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі демеушілік жасады.

Ал тарихи драма авторы Елдос Тоқтарбайға аймақ кәсіпкерлері ат мінгізіп, Сыр халқының алғаусыз ықыласын танытты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Біздің Қаратөреңнен қозы көш жерде бүк түсіп, бұйығып жатқан Бөген деген ауыл бар. Екі ауылдың арасын сылаң қаққан Сырдария ғана бөліп тұр. Сұлу дария, сүлей дария ұлы теңізге тақап қалғанда оң жағындағы Бөгенге басын бұрып, бір қарап алып, сол жағындағы Қаратөреңге қарай сәл қисаяды да, дәл осы тұстан арнасы топы ағын суды айдынды Аралға лақ еткізеді.

Қиналмай-ақ, қызғанбай-ақ айттайық, сол Бөгеннің боз даласы Қаратөренің қара топырағынан да құйқалы ма деп қаламыз. Біз аулымыздан қаптаған ұшқыш шыққан деп күпінеміз кейде. Ал Бөгеннен өркеуде Мәскеудегі ғарышқа алам аттандыру мәселесімен айналысатын құпия қалашықта жұмыс істеген атақты конструктор шыққан. Қаламы жүйрік журналистер көптеп туған Қаратөреннен жабылып жүріп өргізген көркем



Бөгеннің баласы

дүние жазатын жалғыз-ақ жазушымыз бар. Одан өзгеміз публицистиканың төңірегінен ұзай алмадық. Ал Бөгеннің қаптаған қара сөз шеберлерінің тізімін әйгілі Зейнолла Шүкіровтің өзі бастап тұр. Одан кейінгілер де осал емес... Сайлаубай Жұбатыров, Қуаныш Жиенбаев, Толыбай Абылаев, Жұматәлі Әбдіраман, Болатбек Қожан... Дарияның теңізге құяр жерінде тұрған Қаратөренің құнақты кісілері балықты ешкімнен кем ауламайды. Әйтсе де, Бөгеннің балық аулау қарқыны бөлек. Баяғыда басқа емес, Лениннің өзінен хат келген жылы бір емес, он төрт вагон балық аулап, тәулік құрғатпай Еділ бойына жөнелткен де осылар. Бұл оқиға сырбаз суреткер Ғабит Мүсіреповтің «Жырымға төрт сағатта» деген әңгімесіне өзек болды. Қаратөренің балықшылары өңіріне Ленин орденін тағып алып шақырыспаға келіп, жүрек жалғап, жылытта ішіп жүрсе, Бөгеннің балықшылары сол заманның ең жоғарғы марапаты – Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдызын кеудесіне қондырып, Аралға жылысқа кетіп бара жатты. Сөйтіп, қай кезде де берекелі Бөгеннің бір бәсі биік болды.

Сол Бөгенде тұратын Тастыбай Әбдиев деген әуесқой сазгер, арқалы ақын бар еді. Өзі ауылдағы орта мектепте сабақ беретін. Іргеміздегі елді мекеннің адамы болса да, өмірі көрген емеспіз. Бірақ сол Тастыбайдың «Болмасын соғыс!» деген әнін күллі Сыр өңірі беріле шырайтын. Ірілі-ұсақты көркем-өнер байқауларында айтылмай қалмайды. Енді ән болғанда да, әдемі ән! Кәдімгі патриоттық сезімді ұлғайтатын шынайы шығарма. Бәріміз де «Болмасын соғыс!» өз бетімізше ынылдап да, хорға қосылып та айтып, әуелетіп, әуендетіп өстік. Бұл ән бірнеше ұрпақтың қалесіне жаралды. Демек, бүгінгіше баяндасак, нағыз хиттің өзі болғаны. Өңірлік деңгейдегі, әрине... Мына тұрған Бөген, таяқ тастам жердегі ауыл. Сол замандағы баршаға танымал ән авторының көрші ауылдағы орта мектептің қарапайым ғана мұғалімі екендігі, оның даңққа мас болып, көкке ұшып кетпей, Көнебөген мен Қарашаланың арасында жүртпен бірге жер басып жүретіндігі бізді таңғалдырмай қоймайтын.

Арада жылдар өтті. Арман қуып Алматыға кеттік. Анығырақ айтсақ, сол арман бізді өлгенше қуалап, Ақбас Алатаудың етегіне дейін апарып тастады. Баяғы ән мен

сәннің бәрі естен шыққан-ды. Бір күні Аралға жол түсті. Зейнолла Шүкіровтің туғанына 80 жыл толуына арналған ақындар айтысына қазылық еттім. Аудан ауқымы десек те, бұл бір жан алысып, жан беріскен алапат айтыс болды. Бөгеннің тұрпаты қатты қысқан жұдырықтай біртұтам баласы өленді өзгеше өріп, қарсыластарын алып та жықты, шалып та жықты. Сөзіне үкі таға біледі екен. Аты-жөні – Ерженіс Әбдиев. Құдай-ау, Әбдиев дегенді қайдан естіп едім осы?! Е, енді есіме түсті, ілгеріректе талайды тамсандырған Тастыбайдың тегі екен ғой... Үзілісте әлді жұқалтап баладан «Болмасын соғыстың» авторы Тастыбай Әбдиевке қатысың бар ма?» деп сұрадым. «Иә, баласымын ғой» деді ол. Басе...

Содан бері Тастыбайдың тұяғының жазған-сызғандарына ара-тұра көз салып қоямыз. Бұл да әкесі секілді мұғалім. Мамандығы филолог емес, математик. Кәдімгі дүниені дүрділеткен оқымысты шайыр Омар Хаим секілді небір қиын есепті ойнап отырып шығаратын арқалы ақын. Есепті жай шығара салмайды. Әбден әспеттеп, күрең шай секілді баптап, оны асықпай демдеп, шамбысын шөктеріп, суын тұндырып қойып шығарады. Кісіпір есепші емес, кәсіби математик. Кейде ол есепті өлеңмен де өреді. «Ерженістің ерекше есептері» деген танымдық сипаты бөлек құнды кітап – соның айғағы. Кезінде академик Мұхтарбай Әтелбаймен бірге бұл жинаққа рецензент болғанбыз. Әрине, екеуіміз екі шаһардың тұрғыны болған соң Ерженіспен тығызырақ араласудың реті келе қойған жоқ. Бірақ оны тауір жігіт деп топшылаймын. Себебін айттайық. Біріншіден, жанында жүрген жолдастары жақсы. Елге белгілі санлақтар. Бұл баланы төбесіне көтереді олар. Екіншіден, қаншама қызметке баруға мүмкіндігі болса да, әзір мектептен тамырын үзгенді қаламайтын тәртізді. Ендеше тұмысынан педагог, оның үстіне ұстанымына берік болғаны. Үшіншіден, қашанда сергектікті серік етіп жүреді. Қолы қалт етсе, спорт залынан шықпайды. Доп қуалайды. Ол допты қуалап, Сырдың сыртына дейін барып қайтады. Шамасы, бүкіл Сырды адақтап болған ба, білмейміз ғой, кейде іргелес облыстардың дәу стадионының дәу қақпасына келіп, шіренсе тартып, гол соғуға ұмтылып, жанталасып жатады. Қысқасы, атына сай, әрі – Ер, әрі – Женіс!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН ОНЛАЙН-САНАҚ КЕЗЕҢІ 20 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін онлайн-санақ кезеңі 20 қыркүйекке дейін ұзартылды. Барлық заңды тұлғалар, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкерлер санақтан санақ. gov.kz сайтында өте алады.

Қызылорда облысының статистика департаментінің тіркеліміне сәйкес, санақ 11 мыңға жуық кәсіпорындар мен шаруа, фермер қожалықтарын және жеке кәсіпкерлерді қамтуы тиіс. Тамыз айында онлайн-санаққа 10 мыңнан аса респондент қатысып, 92% құрап отыр.

Онлайн-санақ кезеңі жақсы нәтиже көрсетті. Желел деректер бойынша сайт арқылы сауалнамаға ауыл шаруашылығы құрылымдарының 92,2%-ы қатысты. Айта кету керек, жалпы тізімге ұзақ уақыт бойы белсенділігі жоқ, бірақ тіркеуде тұрған кәсіпорындар мен қожалықтар да енгізілген. Сондай-ақ байланыс деректері өзекті емес субъектілер бар. Бұдан бөлек, кейбір респонденттер жұмысбастылығына байланысты санақтан уақытында өте

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРУШІЛЕРІ ҮШІН ОНЛАЙН-САНАҚ КЕЗЕҢІ 20 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

ОНЛАЙН-ЭТАП СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСИ ДЛЯ СЕЛЬХОЗПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ ПРОДЛЕН ДО 20 СЕНТЯБРЯ



алмаған. Қосымша берілген 20 күн олардың осындай маңызды мемлекеттік науқаннан тыс қалмауына мүмкіндік

береді.

Еске сала кетейік, онлайн-санақ кезеңі 1 тамызда басталып, 31 тамызда аяқта-

луы тиіс болған. Интервьюерлердің үй шаруашылықтарын аралайтын екінші кезең 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін болады.

Ауыл шаруашылығы санағына қатысты барлық сұрақ бойынша 1446 байланыс орталығына сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қонырау шалуға немесе санақ сайтында орналасқан Sanaq пушта чат-ботына жазуға болады.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар шаралардың бірі. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БҒА
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.